

**«Нұрбанк» АҚ-да Тұтынушылық қарыздар бойынша
банктік қарыз келісімшартының үлгілік шарттарына
№1 өзгерістер, «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс
тілдерінде жарияланды, 2020 жылғы «03» қыркүйектен № 96**

**(Үлгілік шарттар «Новое поколение» газетінде қазақ және орыс тілдерінде
жарияланды, 2019 жылғы «26» шілдеден № 82)**

«Нұрбанк» АҚ-да Тұтынушылық қарыздар бойынша Банктік қарыз келісімшарты бойынша Болжалды шарттарына жасалған бұл Өзгерістер (бұдан былай «Шарттар» деп аталатын) Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістерге байланысты әзірленді.

1. Шарттардың 1.4. – тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:
«1.4. Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешектерді өтеуге, соның ішінде Сыйақы төлеуге, тұрақсыз төлемдер мен Банктік қарыз келісімшарты бойынша белгіленген басқа берешектердің сомаларын төлеуге қатысты тәсілді Банктік қарыз келісімшарты анықтайды».
2. Шарттардың 1.6. – тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:
«1.6. Банктік қарыз келісімшарты бойынша берешектерді жабу кезектілігін Банктік қарыз келісімшарты анықтайды».
3. Шарттардың 1.11. – тармағы келесі мазмұндағы мәтінмен толықтырылсын:
«Бұл ретте жұмыс емес күн деп мерекелік және демалыс күндері: мұсылман күнтізбесі бойынша Құрбан айттың бірінші күні, православтық Рождество – 7 қаңтар күні, сенбі жексенбі күндері, Қазақстан Республикасының Үкіметі аптаның демалыс күндерін аптаның жұмыс күндеріне ауыстырған жағдайда аптаның басқа күндері деп білеміз.».
4. Шарттардың 1.14. – тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:
«1.14. Қарыз алушы Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттемелерді және/немесе Қарыз алушы және/немесе Қамтаманы берген үшінші тұлға Қамтамасыз ету туралы келісімшарт бойынша міндеттемелерді бұзған немесе бұзу қаупі болған жағдайда Банк қолданатын шаралар Банктік қарыз келісімшартында қарастырылған».
5. Шарттардың 1.6. – тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда баяндалсын:
«1.16. Тараптардың Банктік қарыз келісімшарты бойынша міндеттерін бұзғаны үшін жауапкершілігін Банктік қарыз келісімшарты анықтайды».
6. Шарттардың 1.17., 1.18.- тармақтары алынып тасталсын.
7. Шарттардың 1.19.- тармағындағы:
 - «мәліметтер» сөзі «ақпараттар» сөзімен алмастырылсын;
 - «есептер» сөзі «кредиттік есептер» сөздерімен алмастырылсын.
8. Шарттардың 2.2.2. – тармағындағы «1.14.3. - тармақтарындағы» сөзі «тармақта» сөзімен алмастырылсын;
9. Шарттардың 2.3.1. – тармағындағы «ұстап қалып» сөзі «алып» сөзімен алмастырылсын.
10. Шарттардың 2.4.5. – тармағындағы «1.14.4. - тармақтарындағы» сөзі «тармақта» сөзімен алмастырылсын;
11. Шарттардың 2.5.16. – тармағындағы «1.14.3. - тармақтарындағы» сөзі «тармақта» сөзімен алмастырылсын.
12. Келісімшарттың басқа шарттары өзгеріссіз қалсын.
13. Шарттарға енгізілген өзгерістер жарияланған күннен бастап күшіне кіреді.